

Нұсқауды бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2000 жылғы 5 шілдедегі N 661 бұйрығымен. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 28 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1237. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының К010209_ Кодексі (Салық Кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

59. "Қосылған құн салығынан тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді), сондай-ақ гранттар қаражаты есебінен тауарлар импортын сатудың босату тәртібі туралы нұсқауды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 5 шілдедегі N 661 V001237_ бұйрығы. -----

"Қазақстан Республикасының салық салу мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 22 қарашадағы N 485-I Z990485_ Заңына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қоса берілген "Сатылуы, сондай-ақ гранттар есебінен жүзеге асырылатын импортталған тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетуді) қосымша құн салығынан босату тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Нұсқауы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Әдістеме департаменті (Үсенова Н.Д.): - аталған нұсқау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілсін. - келісілген Нұсқауды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберілсін. Министр Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Қаржы Министрі Мемлекеттік кіріс Министрінің 2000 жылғы 28 шілдеде 2000 жылғы 5 шілдедегі

Келісілді N 661 бұйрығымен бекітілді Гранттар қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) сатылуын, сондай-ақ тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату тәртібі туралы
Нұсқау 1. Жалпы ережелер

1. "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235_ Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабы 1-тармағы 24) тармақшасы мен 71-бабы 10) тармақшасына сәйкес осы Нұсқау әзірленді және мемлекеттер, мемлекеттер үкіметі және халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілетін гранттар қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) сатылуы, сондай-ақ тауарлар импорты бойынша айналымдарды қосылған құн салығын төлеуден босату тәртібін айқындайды.

2. Грант қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді), сондай-ақ тауарлар импортын сату бойынша айналымдар грант туралы шарт негізінде салық заңдарына сәйкес қосылған құн салығынан босатылады.

2. Осы Нұсқауда пайдаланылатын ұғымдар

3. Грант - Қазақстан Республикасының Үкіметіне, заңды тұлғаларға (соның ішінде резидент еместерге), олардың филиалдары, өкілеттіктер және өзге де оқшауландырылған құрылымдық бөлімшелерге, сондай-ақ жеке тұлғаларға айқындалған мақсаттарына (міндеттеріне) жету үшін мемлекеттері, мемлекеттер үкіметтері, мемлекеттік, халықаралық және қоғамдық ұйымдар мен Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларынан тегін негізде берілетін мүліктер.

4. Грант туралы шарт - мұндай келісім бір құжатта немесе өзара байланысқан бірнеше құжаттарда, сондай-ақ оның нақты атауына қарамастан сақталатынына қарамастан жазба нысанда және халықаралық құқықтарды реттейтін шетел мемлекетімен не халықаралық ұйыммен Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарт (келісім).

5. Халықаралық ұйым - мемлекетаралық, үкіметаралық ұйым.

6. Өкілетті орган - Қазақстан Республикасы атынан грант туралы шартта сөз сөйлейтін және егер грант туралы шартта өзгелер көзделмесе атқарушы агентті тағайындаушы мемлекеттік орган.

7. Атқарушы агент:

1) грант туралы шартты іске асыру мақсатында айқындалатын тұлға;

2) грант мақсатын іске асыру үшін өкілетті орган тағайындайтын тұлға.

8. Жеткізуші - атқарушы агентпен шарт (келісім-шарт) негізінде грантты атқару шеңберінде атқарушы агентке тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сататын тұлға.

9. Импорттаушы - грант шеңберінде тауарларды импорттайтын тұлға.

3. Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметі және халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілетін гранттар қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша айналымды қосылған құн салығынан босату

10. Грант есебінен жүзеге асырылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша айналымды қосылған құн салығынан босатылғанын растаушы осы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жеткізушілері м ы н а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы :

1) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызмет көрсетулерде атқарушы агентпен жеткізушінің жасаған шарты (келісім-шарты);

2) атқарушы агентпен белгіленген тәртіпте ресімделген жұмыстарының (қызмет көрсетулерінің) орындалған және қабылданған кесімдері.

11. Егер атқарушы агент грант туралы шартта көрсетілмесе, онда жеткізушінің тағайындалуы туралы өкілетті органның растауы болуы қажет.

12. Егер грант туралы шартта атқарушы агент қаралған жағдайда, жеткізушіде грант туралы шарттың көшірмесі болуы қажет.

4. Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметі және халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілетін гранттар қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату

13. Грант шеңберінде импортталатын тауарларды қосылған құн салығынан босату үшін кеден органына:

1) грант туралы шарттың көшірмесі;

2) грант туралы шартқа қолма-қол сілтемесі бар тауар тасымалдау немесе тауарға ілеспе құжаттар тапсырылады.

14. Егер грант шеңберінде өкілетті органға немесе атқарушы агентке тауар тікелей әкелінсе, импорттаушыға қосылған құн салығынан босату үшін кеден органына әкелінетін тауардың мәртебесіне растау тапсыруы қажет.

15. Грант шеңберінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін және қосылған құн салығын төлемейтін еркін айналыс үшін шығарылған тауарлар салық жеңілдіктері ұсынылуына байланысты, сол мақсатта ғана пайдалануы мүмкін. Өзгеде мақсаттарда аталған тауарларды импорттаушылар пайдаланған жағдайда, импортталатын тауарларды кедендік ресімдеу кезінде төленбеген қосылған құн салығы "Импортталатын тауарлар бойынша ҚҚС" жеке субесебіне есептелетін бюджетке төлеуге жатады. Мамандар: Омарбекова А.Т.

Қ а с ы м б е к о в

Б . А

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК